

ӘОЖ 417.01

ЕСКІ ҚЫПШАҚ ТІЛІ – ҚАЗІРГІ ҚЫПШАҚ ТІЛДЕРІНІҢ НЕГІЗІ
THE OLD KYPSHAK LANGUAGE – THE BASIS OF THE
CONTEMPORARY KYPSHAK LANGUAGES

Гүлназ ФАЙЗУЛЛА*
Қымбат АМАНЖОЛОВА**

Түйіндемe

Қазіргі түркі тілдерінің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне, сөздік құрамына, грамматикалық құрылысына байланысты мәселелерді салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы зерттеп, олардың жалпы тектестігімен бірге, кейбір даму заңдылықтарын анықтау. Мақаламызда осындай өзекті тақырыпқа сай зерттеулер арасында қазіргі қазақ тілінің тарихына қатысты қыпшақ тілді жазба ескерткіштердің көп екендігі айқындалып отырғандығы баяндалады. Жалпы түркі тілдерінің ішінде көбірек зерттелгені және жиірек қолданылғаны да қыпшақ тілі. Ескі қыпшақ әдеби тілінің қалыптасуына алдымен көне түркі әдеби тілі және X-XV ғасырлар арасындағы ауызекі әдеби тіл, яғни жергілікті халық тілі ықпал етуші негіздер болып саналады.

Түйін сөздер: түркі тілдері, ескі қыпшақ тілі, «қыпшақ даласы», готикалық көне жазу, армян жазуы, мәмлүк қыпшақтары, армян қыпшақтары.

Summary

Today's basic goal of the Turkic languages is to define some development patterns researching matters due to the comparative- historical method related to the phonetic system, word composition, grammatical structures of the Turkic languages. Some Kypshak language written monuments have been determined concerning the actual problems of the Kazakh language history in the given paper. The Kypshak language is researched and used more than the other Turkic languages. The ancient Turkic literary language and folklore in the X-XV centuries, local folk language is the main influencing language on the formation of the old kypshak literary language.

Key words: turkic languages, old kypshak language, «kypshak steppe land», gothic ancient language, Armenian language, Mamluk kypshaks, Armenian kypshaks.

* филология ғылымдарының кандидаты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан.

candidate of philology sciences, senior teacher of K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University. Turkistan-Kazakhstan.

** Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты, филология факультеті, Түрік тілі мен әдебиеті кафедрасы. Түркістан-Қазақстан.

The postgraduate of K.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, philology faculty, the Turkish department. Turkistan-Kazakhstan.

Тарихтың қатал заңы бойынша, белгілі бір кезеңде ұйымдастырушы болған немесе үстем болған, не өзгелерге қарағанда әлемге танымал болған ру-тайпа, ұлыс атының үлкен бір аумақты мекендейтін туыстас халықтардың ортақ атына айналуы да бұрыннан белгілі болған тәрізді. Одан кейінгі кезеңде Орталық Азияда, Ертіс пен Еділ өзендерінің арасында, одан арғы Шығыс Еуропа жерлерінде, ұланғайыр Еуразияны мекендеген түркілер қыпшақтар атанды. Оның басты себебі – жоғарыда сөз болғандай, сол халықтардың қай-қайсысының да құрамына енген, сол кезеңде соларды біріктіріп, ұйымдастырушы болған негізгі субстраттың, қыпшақ одағының, болғандығы. Оны қазіргі қыпшақтанушы ғалымдар дәлелдеп отыр.

Сонымен қатар қазіргі таңда қазақ тілінің тарихына қатысты қыпшақ тілді жазба ескерткіштердің көп екендігі де айқындалып отыр. Олардың ішінде, ең алдымен, бүкіл түркі әлеміне ортақ мұралар болып отырған «*Хұсрау-Шырын*», «*Мұхаббатнаме*», «*Гүлстан*» тәрізді әдеби туындыларды атау керек. Аталмыш мұралардың қазіргі қазақ тіліне қатысын зерттеген ғалымдар оларды бүгінгі тіліміз бен көне түрік тілі арасына салынған алтын көпір ретінде таниды.

Әлем халықтары мен тілдерінің өзара қатынасы үнемі үздіксіз бола алмайды. Бір кездері көршілес отырған немес бір рухани мәдениет аясында болған халықтардың басқа кезеңде ажырап, қатынастары бәсеңдеп, не мүлде үзіліп қалатын кездері болады. Сол себепті бір халық өкілдерінің басқа бір халық туралы жадында, түсінігінде кейінгі кезеңде болған өзгерістер, тарихи динамика үнемі ескеріле бермейді. Қалай болғанда да орта ғасырларда шығыс түркілердің ұрпақтары қыпшақтар деген ортақ атаумен аталса, олар мекендейтін байтақ жерлер *Дешті қыпшақ*, яғни «*Қыпшақ даласы*» аталды. Орта ғасырларда түрлі себептермен Мажар елінде, Бұлғарстанда болып, ол елдердің этникалық құрамына енген, таяу жатқан Украинада, Арменияда қоныстанған, сонау Мысыр, Сирия елдеріне, арабтардың жерлеріне жеткен, ол жерлерде билік құрған да батыс түркілердің оғыз тобынан ерекшеленетін топ – шығыс түркілердің қазіргі қазақ даласы мен соған таяу жерлерден кеткен ұрпақтары болғандығы ғылыми жұртшылыққа мәлім.

Осы ортағасырлық тарихи ұлыстардың жазба ескерткішінің іштей жіктелетіндігі ғылыми жұртшылыққа белгілі. Зерттеушілер «*Құтадғу білік*» түркі тілдерінің *д/з* тобына жатса, Махмұт Қашқаридің «*Дивану лұғат ит-түрік*» атты сөздігі *д-й* тобына, жоғарыда аталған Хорезмидің «*Мұхаббатнамесі*», Құтыптың «*Хұсрау-Шырыны*»,

С.Сараидің «Гүлстаны», сондай-ақ, Махмұт бин Алидің «Нахдж әл-Фарадисі», Қожа Ахмет Ясауидің «Хикметтері» й тобына жататынын анықтаған. Ортағасырлық мұралар ішінде аралас қыпшақ-оғыз тілі ескерткіші болып саналатын соңғы топтың ескі қазақ тіліне тікелей қатысы бар екендігі, қазіргі қазақ тілінің ортағасырлық қыпшақ тілімен дәстүрлі сабақтастықта дамып отырғаны көпшілікке белгілі. Себебі, ортағасырлық қыпшақ жазбалары тілін қазіргі қыпшақ тілдерінің дыбыстық жүйесімен салыстыру нәтижесінде С.Е.Малов, Н.Т.Сауранбаев, т.б. ғалымдар олардың тікелей мұрагері ретінде қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдерін таныған болатын. Белгілі түркітанушы Э.Тенишов болса, ортағасырлық қыпшақ тілінің грамматикалық құрылымы бойынша жүргізген салыстырмалы зерттеулер нәтижесінде қыпшақ ескерткіштерінің қазақ тілінің тарихын айқындайтын аса құнды дереккөз ретінде бағалаған болатын: «бұл ескерткіштердің тілін зерттеу – қазіргі қазақ халқының тілінің тарихын зерделеудегі қажетті жағдай» [1].

Көне түркі тілдерінің негізінде қаланып, орта ғасырда қалыптаса бастаған қыпшақ тілі ІХ-ХІғ. моңғол шапқыншылығына дейін қимақ мемлекетінің құрамында пайда болып, қазіргі тірі тілдердің негізі болған [2].

Қыпшақтар өз алдына тарихта ІХ ғасырдан бастап орын ала бастаған. Олар бірнеше ру-тайпалардан бірігіп одақ құрған. Бұл қыпшақ тайпаларының тарихы туралы аз жазылып жүрген жоқ. Мәселен Қ. Салғараұлының «ежелгі қыпшақ тайпалары ұлы түркі қағанатының негізін қалаған» (551 ж) деген пікірін айта кеткен артық болмас [3, 3].

Қыпшақтар тарих сахнасына б.д.д, Ш ғасырдың өзінде-ақ белгілі болған екен. Олар Алтай өлкесінің Солтүстік батысында жайлап келген Люеше (қытайша атауы) атты тайпа еді [4, 216].

Түрік қағанаты құрылғанда (552 ж), қыпшақтар соның құрамында болады. Олар ол кезде тарих сахнасына шыға қоймаған тайпа болады да, көне жазба ескерткіштерде көп айтыла бермейді. VI ғасыр соңында Түркі қағанаты екіге бөлінгенде, Батыс түркі қағанатының орталығы Жетісуға, ал шығыс түркі қағанатының орталығы Монғолияға (Орхон бойына) орналасқанда, қыпшақтар Алтайды жайлап келген тайпалардың бірі ретінде Шығыс түркі қағанатының құрамында қалған [5, 213].

Осылайша қыпшақ тарихымен қатар қыпшақ тілінің зерттелуі де өз алдына сара жол. Бұл жолда әйгілі ғалым, филолог, қоғам қайраткері хал Хаджиб ибн Әл-Хусейн ибн Мухаммед түркі тілдерімен қатар қыпшақ тіліне қатты ден қойған.

Жалпы түркі тілдерінің ішінде көбірек зерттелгені және жиірек қолданылғаны да қыпшақ тілі. Ә.Құрышжанұлы: «Қыпшақ тілі жайында араб тілінде кітап жазған авторлардың бәрі бірдей арабтар болған емес, олардың ішінде түркі халықтары мен қыпшақ тілдес оқымыстылар ат салысқан (олардың аты-жөнінде, лақаптарында «ат-түрки», «ал-кыфчаки» деген сияқты ныспылар қосылып жазылатын болған). Кейбір авторлар өз аттарын көрсетпей-ақ, көзге түсетіндей көрнекті еңбектер жазған» дей келе, сол дәуірдегі (XIII-XVI) халық үшін түрікше-арабша сөздіктер, қыпшақ тілі туралы оқулықтар, анықтамалар, түсініктемелер жазылғанын айтады [6].

Ғалым X-XV ғасырларда Орта Азия аймағын мен оған шектес өлкелерді мекендеген түркі тілдес халықтар мен тайпалардың тілін ескі қыпшақ тілі деп атай отырып, бұл тілдегі еңбектердің әртүрлі нұсқалармен хатталғандығын жазады. Олар:

1. Готикалық көне жазумен жазылған еңбектер (XIII-XIV ғ.)
2. Араб әрпімен жазылған еңбектер (XI-XVI ғ.)
3. Армян жазуымен берілген материалдар (XV-XVI ғ.)
4. Орыс алфавитімен жазылған деректер (XI-XIII ғ.)
5. Шығыс Еуропа аймағындағы халықтардың тілінде сақталып қалған және сол елдердің өзіндік жазу үлгілерімен берілген қыпшақ сөздері мен сөз орамдары [6].

Осы еңбектерге қысқаша берілген сипаттамаларға тоқталайық:

1) Готикалық көне шрифтімен жеткен ескерткіштерге келер болсақ, алдымен гот жазуына тоқталайық. Гот жазуы – (фр. *Gothique*, герм. гот тайпасының атымен) – 27 таңбадан тұратын және гот тіліндегі барлық белгілі қолжазбалардан пайдаланылған алфавиттің ерекше түрі. Жазуды ойлап тапқан гот Библиясының аудармашысы епископ Ульфила (311-388 жж.). Гот жазуы негізінде IV ғ. грек унциялық жазуы жатыр [7]. Ал готика Батыс Еуропада XII-XV ғғ қолданылған латын жазуы. Гот жазуына тән ерекшелік – бұрышты форма және әріптердің сынып түсуі, байланыстырушы сызықтардың болуы, вертикал бойынша ұзыныңқы болып, әріптердің тығыз орналасуы. Готика жазуы Германияда XX ғасырлардың басына дейін қолданылып келді [8, 91].

Сонымен, готикалық көне шрифтімен жазылған жалғыз ескерткіш *Codex Cumanicus* – басқа түрлі жазба нұсқалардан гөрі

қыпшақ тілінің материалдарын молырақ қамтыған, көлемі жағынан толықтау, мазмұны жағынан әр алуан мәтіндері бар, дүниежүзілік түркологияда барынша белгілі, талай елде зерттеліп, бірнеше рет басылған. Сондай-ақ, бірнеше еуропа тілдеріне аударылған еңбек. *Кодекс Куманикус* ескерткішінің бір нұсқасы Венецияда, Марк Евангелист шіркеуінің кітапханасында сақтаулы. Бұл ескерткіш туралы мәлімет берушілерден атақты ғалымдар Ф.Томасини, Г.Ю.Клапрот, Геза Кун, К. Гренбек, В.В.Радлов, А.Фон Габен, Ә. Құрыпжанов, А.Н.Гаркавец т.б. атап көрсетуге болады.

2) Мәмлүк қыпшақтарының тілі туралы араб әліпбиімен жазылған оннан аса дереккөздер бар. Олардың арабында көп танылып жүргендер мыналар: *«Китаб-и меджму-у терджуман тюрки ве аджеми ве моголи ве фарси»* (Түрікше-парсыша және моңғолша-парсыша толық түсіндірмелі аударма кітап). Араб тілінде *аджми* сөзі арабтар емес, парсылар деген мағынаны береді, бірақ түрік (қыпшақ) сөздері бұл жерде араб тілдеріне аударылған. Түркологиялық әдебиеттерде бұл жазба *«Түрікше-арабша сөздік»* деп аталады. Қолжазба 1245 жылы Мысырда жазылған.

Жамал әд-дин Мухаммед Абдуллах ат Түркидің (XIV ғ., Шам қаласы) қолжазбасы *«Арабша-түрікше және қыпшақша сөздік»* деп аталады. *«Китаб булгат ал – муштақ фи- луғат ат-турк вал-қифжақ»* (Түрік пен қыпшақ тілдерін жақсы оқып үйренушілер үшін жазылған кітап).

3) Армян жазуымен жеткен қыпшақ тіл мұрасы – *«Дана Хиқар сөзі»*, бұл Вена кітапханасында сақтаулы. Негізінде қыпшақ тілі армяндардың екінші ана тілі болып саналған. Қыпшақ тілі туралы армян тілінде жазылған декректер бар десек те, олардың көбі жарық көрмеген. Бірақ барлық қолжазбалардың тілі *«Кодекс Куманикус»* тіліне қатты ұқсайды. Ал, *«Дана Хиқар сөзін»* алғаш рет француз ғалымы Ж.Дени мен поляк зерттеушісі Ә. Трыянский француз тілінде жарияласа, қазақ тіліне аударып, оның транскрипциясы мен тексін беруші, әрі шығарманың тілдік жағын фонетикалық, лексикалық және морфологиялық аспектіде зерттеген ғалым – С.Ж.Құдасов болды.

Ескі қыпшақ әдеби тілі – Алтын Орда, Шығыс Еуропа және Солтүстік Африка аймақтары аралығында әлеуметтік, мәдени, экономикалық, саяси қарым-қатынас негізінде қалыптасқан тіл. Жоғарыда аты аталған өлкелерді мекендеген түркі тайпалары мен бірлестік өкілдері түрлі тарихи жағдайларға байланысты өзара және шетел халықтарымен етене араласып отырған. Осыған орай ескі

қыпшақ әдеби тілінің төлтума ерекшеліктері көпшілікке мынадай атаулармен танымал болған: мәмлүк қыпшақтары, мәмлүк-египет (Мысыр), Алтын Орда-египет, қыпшақ-оғыз, қыпшақ (таза қыпшақ, Дешті Қыпшақ), халықаралық қыпшақ тілдері. Ескі қыпшақ әдеби тілі қыпшақ (түркі) тіліндегі үндестік заңына сәйкестендірілген.

Ескі қыпшақ әдеби тілінің қалыптасуына ықпал етуші негіздер ретінде көне түркі әдеби тілі және X-XV ғасырлар арасындағы ауызекі әдеби тіл, яғни жергілікті халық тілі [9].

Сол секілді ескі қыпшақ жазба ескерткіштері екі түрлі тілде жазылған: жалпы түркі жазушыларына ортақ әдеби тілде және қарапайым халықтың ауызекі сөйлеу тілінде. Бірінші топқа жататын көркем шығармаларды ішінара екі топқа бөлуге болады: дәстүрлі-тарихи әдеби тілде жазылған еңбектер мен жергілікті халық тілінді жазылған Орта Азия мен Еділ бойларының ескерткіштері. Олар: Рабғузидің *«Қиса-ул-әнбиясі»*, Құтыбтың *«Құсрау мен Шырыны»*, Рауанидің *«Мухаббатнамасы»*, Әлидің *«Нахдж-ул-Фарadisі»*, С.Сараидың *«Гүлистан бит туркиі»*, Хорезмидің *«Тәржіма Шахнамасы»*, Ахмет Йугникидің *«Һибату-л-хақайығы»*, авторлары белгісіз *«Қорқыт ата кітабы»*, *«Сираж-әл-кулуб»*, *«Оғызнама»*, *«Тегфир»* т.б. шығармалары. Қыпшақ тайпаларының ауызекі сөйлеу тілінің материалдары негізінде жазылғандар: *«Дивани луғат-ит-турк»* (М. Қашқари), *«Кодекс Куманикус»*, *«Китаб әл-идрак ли-лисан әл атрак»* (Абу Хайан), *«Аттуһфат аз-закія фи-л-луғат-ит турккийя»*, т.б. армян қыпшақтарының тілінде жазылған діни трактаттар мен грамматикалық анықтамалар, армянша-қыпшақша сөздіктер, кеңсе қағаздары, тарихи жазбалар осы топқа жатады. Бұлардың ішінде әр тілге аударылып басылып шыққандары да бар. Сонымен қатар, әлі де болса жарық көрмей қолжазба күйінде сақталғандары да кездеседі. Олар бүгінгі таңда Санкт-Петербург, Москва, Киев, Ереван, Вена, Париж, Краков, Варшава, Берлин, Стамбул, Анкара, Венеция кітапханаларында сақтаулы.

Ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің басым бөлігі қыпшақ тілінің негізінде жазылып, кейбіреулері оғыз тілінің әсеріне ұшыраған немесе оғыз тілінің негізінде қыпшақ тілінің ықпалына түскен. Қайсыбір жазбалар аталған тілдерге бірдей ортақ. Енді бір топ ескерткіштер қарлұқ тобындағы тілдермен астарлас ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілі бірнеше диалектикалық ерекшеліктерге бөлінуі де мүмкін, олар әлі зерттеліп анықталмаған [9].

Жалпы түркі тарихында елеулі орын алатын Орта ғасырда Қараханидтер дәуір құрған мемлекетте жазба тілі қарқынды дамығандығын сол кезеңдердегі әдеби шығармалармен қатар іс-қағаздар, дипломатиялық құжаттар да қыпшақ тілінде жазылған. Сол «қыпшақ тілі» қазіргі уақытта өлі тілдер санатына жатқызылады. Дегенмен ғылым әлемі бұл тілді жаңаша сипатта саралап «қазіргі қыпшақ тілдері» деп атап та көрсетеді. Соның ішінде белгілі түрколог Н.А.Баскаков тірі қыпшақ тілдерін үш топқа жіктеп көрсетеді:

а) бұлғар-қыпшақ тілдері: татар, башқұрт тілдері

ә) половец-қыпшақ тілдері: қарайым, қарашай-балқар, құмық, қырым-татар тілдері

б) ноғай-қыпшақ тілдері: ноғай, қазақ, қарақалпақ тілдері [10].

Осы тәрізді Н.А.Баскаковтан кейін де түркі тілдері класификациясы туралы пікір айтқан ғалымдар болды, бірақ Н.А.Баскаковтың бұл класификациясына ешкім де айтарлықтай жаңалық енгізе қойған жоқ.

Ескі қыпшақ тілінің жалғасы болған қазіргі қыпшақ тілдері өсу-даму барысында кемелдене түскен. Лексика-грамматикалық, фонетикалық және синтаксистік құрылымдары жағынан жетілген, өзгеріскен ұшыраған бұл әдеби, тарихи, тілдік құндылығымыздың ашылмай жатқан қырларын жан-жақты саралау бүгінгі ғылым әлемінің еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Малбақұлы М. *Тарихи сөздік қор құрамына сипаттама жасаудың кейбір мәселелері* // Тілтаным. 2005№2
2. *Қазақ тілі энциклопедиясы*. –Алматы, 1998. -456 б.
3. Салғараұлы Қ. *Бумын қаған мен Істемі қаған* // Егемен Қазақстан. 18 қыркүйек, 2002. №220, 3-бет.
4. Бичурин Н.Я. *Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена*. –т.І.-Москва-Ленинград, 1956, –с. 216.
5. Қайдар Ә. *Қаңлы*. –Алматы, 2004. 213 б.
6. Құрышжанұлы Ә. *Түркітанудың қыпшақтану саласы туралы бірер сөз* // Түркология,. 2002. -№2.
7. Салқынбай А., Абақан Е. *Қысқаша лингвистикалық түсіндірме сөздік*. – Алматы, 1998. -218 б.
8. *Тіл білімі сөздігі*. –Алматы, 1998. -91 б.
9. Томанов М. *Тіл тарихы туралы зерттеулер*. –Алматы, 2002. -517 б.
10. Алдашева А., Сүлейменова Э., Авакова Р. *Түркі тілдері*. Хрестоматия оқулық. –Түркістан, 2004. -380.